

ӘӨК 91:801.311 (574)

**Э.М. МУРЗАЕВТЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯҒА
ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ**

К.Д. Каймулдинова

Мақалада Азия табиғатын зерттеуші географ Э.М. Мурзаевтың географиялық терминология мен топонимиканың байланыстарын зерттеуіне қатысты басты еңбектеріне шолу жасалынған. Талданған деректер негізінде автор ғалымның осы саладағы басты қорытындыларын Қазақстан топонимиясының материалдарымен байланыстырады.

Топонимиканың географиялық бағытын дамытуға үлкен үлес қосқан әйгілі географ Э.М. Мурзаевтың басты еңбектерінің бір тобы географиялық терминологияның топоним қалыптастырушы роліне қатысты жүргізген зерттеулеріне арналған. Ғалым топонимикада бұрын болмаған жаңа бағытқа – жергілікті географиялық терминдердің топоним қалыптастырудағы жетекші маңызына сүйенген зерттеулерге жол ашты. Бұл бағыт ғалымның ұзақ жылғы Азияның көптеген аумақтарында жүргізген географиялық зерттеулері барысында жинақтап, зерделеген жергілікті географиялық терминдердің атаулармен байланысына негізделген болатын. Кейіннен өзі негіздеген бұл тұжырымдар көптеген еңбектерінде кеңінен қарастырылып, талданған болатын [1-3].

Халықтық географиялық терминдердің топонимикалық зерттеулердегі маңызын Э.М. Мурзаев былайша түйіндейді: «Терминдер-топонимиканың негізі, олар географиялық атаулардың мағыналық мазмұнын анықтайтын бөлігі болып табылады... кез келген топонимикалық зерттеу халықтық географиялық терминдерді талдаудан басталуы қажет және қазіргі, сол сияқты түбірлі (субстратты) жергілікті терминология міндетті түрде ескерілуі қажет» [4]. Э.М. Мурзаевтың жергілікті географиялық терминологияға қатысты еңбектерінде талданған мәселелердің Қазақстан топонимикасын дамытудағы маңызы туралы мынадай түйіндер жасадық.

Біріншіден, Э.М. Мурзаев жергілікті географиялық терминдердің еш өзгермеген қалпында, сол күйінде бірден географиялық нысан атауына айналуын көптеген дәлелдер арқылы негіздеп берді. Бұл тұжырымдаманың қазақ халқының климаттық терминологиясына да қатысы бар. Біз жергілікті жердің климат жағдайын бейнелейтін топонимдерге талдау жасау

барысында өзгеріссіз күйде географиялық атау түзетін терминдер қатарын анықтадық. Мысалы, «көктем мезгіліндегі жаңбырлы кезең» дегенді білдіретін *амал* термині Солтүстік Қазақстан облысында екі қоныс атауына негіз болған. Сонымен қатар, осы топтамаға жатқызуға болатын Боран (ауыл, Шығыс Қазақстан обл.), Бұршақ (қоныс, Солтүстік Қазақстан обл.), Дауыл (өзен, Ақтөбе обл.), Жылымшық (құм, Маңғыстау обл.), Нөсер (қыстау, Атырау обл.), Суық (төбе, Ақтөбе обл.), Тұман (қоныс, Ақтөбе обл.), Ызғар (ауыл, Қызылорда обл.) атаулары тіркелді.

Екіншіден, Э.М. Мурзаевтың атап көрсеткеніндей, жергілікті географиялық терминдер күрделі топоним құрамына енген жағдайда, оның мағыналық негізін құрайтын аппелятивке айналады. Құрамында мұндай термин болмайтын атаулар уақыт өте келе қысқарған немесе өңделген топонимдер болуы мүмкін.

Бұл идея кейіннен географиялық атаулар құрамындағы индикатор-терминдер туралы жаңа зерттеулерге негіз болды. Кейде күрделі атау құрамында екі немесе үш халықтық терминнің қатар кездесуі мүмкін. Бұл өз кезегінде географиялық атаудың сипатын нақтылай түседі. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысының физикалық-географиялық атаулары арасында осы тектес атаулар тобы тіркелді (кесте).

Кесте

Шығыс Қазақстан облысындағы күрделі топонимдердің құрылымдық топтары

Географиялық терминдер	Қосарланған атаулар	Үш құрамды атаулар
Жон	Жоншоқы	Қара жон тас
Өзек	Бел өзек	Ащы өзек көл
Сай	Сай асу	Өр сай қолат
Табан	Табан сала	Таста бан бұлақ
Тау	Таста у	Өркешқыр тау

Үшіншіден, Э.М. Мурзаев жергілікті географиялық терминнің бастапқы мағынасы табиғат жағдайларының ауысуына, ландшафттағы алмасуларға, тұрғын халықтың шаруашылық әрекетінің өзгерістеріне байланысты өзгеріске түсуі мүмкін екендігі туралы идея ұсынды. Бұл терминдердің миграциясы деп аталынған құбылыспен түсіндіріледі, ол кеңістіктік тұрғыда немесе тілдік жағынан бір-бірінен алшақ жатқан топонимикалық жүйелердің байланыстарын анықтауға көмектеседі.

Қазақстан аумағындағы ландшафттық айырмашылық жасайтын аумақтардың географиялық терминдерін семантикалық тұрғыда

салыстырып, талдау барысында осы құбылыстың шындығында да нақты көрініс табатынын тіркедік. Қазақ топонимиясында *дала* салыстырмалы түрде белсенді термин болып табылады [5]. Терминнің негізгі мағынасы «ашық жазық жер» (Қоңқашпаев, 1951) болғанымен, ландшафттық тұрғыда тауалды жазықтарындағы Жусандала (жазық, Алматы, Жамбыл обл.), Көкпекдала, Қарадала (қоныс, Алматы обл.) атауларының құрамындағы дала жазық өңірлердегі Ақдала (қоныс, Ақтөбе обл.), Сарыдала (қоныс, Оңтүстік Қазақстан обл.), Сарыдала, Сордала (қоныс, Батыс Қазақстан обл.) топонимдері құрамындағы терминнен семантикалық тұрғыда айырмашылық жасайды. Осы ретте біз «қызыл» сөзіне қатысты Шығыс Қазақстан облысындағы оронимдерге талдау жасаған болатынбыз. Бір ерекшелігі, бұл өңірдегі кейбір оронимдер құрамындағы *қызыл* түсті емес, «төбе», «тау» мағынасында семантикалық ығысуға ұшырағаны анықталды.

«Қызыл» сөзін кеңістікті бағдарлауға қатысты термин ретінде қарастыру да жоқ емес. Дегенмен, бұл топтамадағы атауларды біз тау жыныстарының түсімен байланыстырған шындыққа жанасады деген пікірдеміз. Бастапқыда тау жыныстарының түсіне байланысты бұл географиялық нысандар атрибутивті үлгідегі топоним құралу заңдылығына сәйкес, номинатив қызметін атқаратын анықтауыш пен зат есімнің (географиялық аппелятив) байланысуынан қалыптасқан Қызылтау, Қызылтөбе деп аталуы мүмкін. Кейіннен қоршаған ортадағы осы тектес басқа географиялық нысандардан айырмашылық жасайтын доминантты белгі болып табылатын түс атауы (қызыл) аталған таудың жалқы есіміне айналған деп топшылауымызға әбден негіз бар. Бұл Қызыл деген атаулар тобын (4 тау атауы, 3 қыстау атауы) қалыптастырған.

Біртіндеп бір Қызылды екіншісінен айыру, даралау мақсатында анықтауыштар немесе меншік сипатын білдіретін антропонимдер қосарласа бастаған. Бұл ретте біз Шығыс Қазақстан аумағы бойынша Биікқызыл (тау), Болатқызыл (тау), Борлықызыл (тау), Егізқызыл (тау және төбе), Жекеқызыл (тау), Кіндікқызыл (тау), Құсайынқызыл (тау), Сабырбайқызыл (тау), Тасқызыл (тау), Түлкіқызыл (төбе), Ұлыобақызыл (тау), Шәкеннің Қызылы (төбе), Шоңқызыл (тау) деген оронимдерді мысалға келтіре аламыз.

Төртіншіден, Э.М. Мурзаев географиялық терминдердің таралу ареалы бар екендігін анықтау негізінде олардың ландшафттық шоғырлануы туралы заңдылықты негіздеп берді. Бұл өз кезегінде географиялық терминнің ғана емес, оның негізінде қалыптасқан

топонимдердің ареалдарын анықтауға көмектеседі. Осы тұрғыда Э.М. Мурзаев *эндемик-терминдер* деп атаған таралу ареалы шектеулі географиялық терминологияны зерттеуге мүмкіндік туады.

Аталған заңдылықтың Қазақстанның физикалық-географиялық нысандары атауларында көрініс табуын талдау барысында біз бірнеше нақты айғақтар таптық. Қызылорда облысында Сырдария өзенінің сол жақ жағалауында Қармақшы және Жалағаш аудандарындағы қара сексеуіл араласқан бұйырғынды, тасбұйырғынды-қаражусанды-сұржусанды өсімдіктер өскен, құм араласқан тақыр топырақтардағы шөл ландшафтысы тән аумақта *асар* (төбе мағынасында) термині негізінде қалыптасқан 16 атаудың шоғырлануы; ал Батыс Қазақстан облысындағы бұталы-теріскенді өсімдіктер өскен құмды қоңыр топырақты теңіздік жазықтың шөл ландшафтысы мен әртүрлі шөпті-бидайықты, ақжусанды өсімдіктер өскен ашық күрең топырақты шөлейт ландшафтысы таралған аумақта шағыл термині негізінде қалыптасқан 89 топоним шоғырланғандығы анықталды.

Эндемик-терминдер қатарына Үстірт аумағында кең тараған *шың*, Сырдария өзені алабында кездесетін *ыза* терминін жатқызуға болады. Алғашқы термин негізінде Маңғыстау облысында Талшың, Тармақшың, Төңірекшың атаулары қалыптасқан. Түптеп келгенде, Үстірттің ернектеріне қатысты орыс географиялық әдебиеттерінде қолданылатын *чинк* терминін де осы өңірде кең қолданыста болған *шың* терминімен байланыстыруға болады. Оңтүстік қазақтарында еспе суларды *ыза* деп атайтыны белгілі. Еспе сулардың жер бетіне жақын жатқан аудандарын осы терминнің негізінде қалыптасқан атаулармен белгілеу оңтүстік облыстарда тіркелді: Ыза (кұдық, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда обл.), Ызабұлақ (бұлақ, Оңтүстік Қазақстан обл.), Ызакөл (көл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда обл.), Ызақұдық (құм, Оңтүстік Қазақстан обл.), Ызақыр (кұдық, Жамбыл обл.), Ызалысай (құрғақ арна, Жамбыл обл.).

Бесіншіден, Э.М. Мурзаев географиялық жағдайлар, табиғат ортасы, шаруашылық бағыттары әр халыққа тән географиялық терминологияның жіктелуіне және өзіндік сипатқа ие болатындығы туралы тезис ұсынды.

Ғалым бұл заңдылықты дәлелдеу мақсатында әртүрлі табиғат ортасында әртүрлі шаруашылық түрімен айналысатын халықтардың географиялық терминологиясын келтіреді: славян халықтарында батпақ терминологиясы, түркі-монғол халықтарында жайылым түрлері мен жер

бедерінің микропішіндеріне қатысты терминология жақсы жіктелген сипат алған, шөл тұрғындарында гидрографиялық, ал суармалы егіншілікпен ежелден айналысатын халықтарда ирригациялық терминология күшті жетілген [3].

Осы бағытта Қазақстанның жеке бөліктеріндегі географиялық терминдер негізінде жасалған топонимдердің топтары анықталды. Бұл терминология аумақтардағы ландшафт ерекшеліктері және табиғатты пайдалану сипатына байланысты қалыптасқан. Жазық жер бедері тән Қазақстанның батыс өңірінде *ой* терминінің қатысуымен жасалған 50-ден астам атау, ал аласа таулы жер бедері тән Маңғыстау облысында басқа аумақтарда өте сирек кездесетін *төрткіл* термині негізінде қалыптасқан 10 топоним тіркелді.

Сонымен, Э.М. Мурзаев негізін салған географиялық атауларды кешенді топонимикалық зерттеу оларды аумақтың географиялық сипаты мен оны игеруді бейнелейтін рухани мұра ретінде танып-білуге жол ашады. Бұл топонимиялық жүйені лингвистика, география және тарих тұрғысында зерттеуді тұтас топонимикалық таным үрдісінің әр қыры ретінде бағалауға алғышарт бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мурзаев Э.М. Местные географические термины // Транскрипция географических названий. – М.: 1960. – С. 69-77.
2. Мурзаев Э.М. Значение местных терминов в образовании географических названий // Питання топоніміки та ономастики. – Киев, 1962. – С. 37-44.
3. Мурзаев Э.М. Местные географические термины и их роль в топонимии // Вопросы географии. Сб. 81: Местные географические термины. – М.: Мысль, 1970. – С. 16-35.
4. Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – М.: Мысль, 1974. – 380 с.
5. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географич. термины // Изв. АН Каз. ССР, Серия географич., вып. 3, 1951. – № 99. – С. 3 – 47.

Абай атындағы ҚазҰПУ

ЗНАЧЕНИЕ ТРУДОВ Э.М. МУРЗАЕВА, ПОСВЯЩЕННЫХ ГЕОГРАФИЧЕСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ

К.Д. Каймулдинова

В статье анализируется значение трудов исследователя природы Азии Э.М. Мурзаева, посвященных географической терминологии. Основные научные результаты исследований знаменитого ученого связываются с топонимическим материалом Казахстана.